

Райымбек ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 ақпандағы № 31-150 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 6 наурызда № 4536 болып тіркелді

"Жайылымдар туралы" 2017 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес, Райымбек аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Райымбек ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар осы шешімнің 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Райымбек аудандық мәслихатының "Заңдылық және азаматтардың құқықтары жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Райымбек аудандық мәслихатының
кезектен тыс сессиясының төрағасы
Райымбек аудандық
мәслихатының хатшысы*


Е. Бестібаев

Е. Құдабаев

Райымбек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 ақпандағы "Райымбек ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" № 31-150 шешіміне 1-қосымша


Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Райымбек ауданының аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы




Райымбек аудандық маслихатының 2018 жылғы 16 ақпандағы "Райымбек ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" № 31-150 шешіміне 4-қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Райымбек аудандық маслихатының 2018 жылғы 16 ақпандағы "Райымбек ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" № 31-150 шешіміне 5-қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы



Райымбек аудандық маслихатының 2018 жылғы 16 ақпандағы "Райымбек ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және

Жылдар	Жайылымдарға малдарды айдап шығару және жайылымдардан қайтару мерзімдер			
	Көктем	Жаз	Күз	Қыс
2018	Наурыз айының I-ші он күндігі	Мамыр айының II-ші он күндігі	Қазан айының II-ші он күндігі	Қараша айының III-ші он күндігі
	Мамыр айының II-ші он күндігі	Қазан айының II-ші он күндігі	Қараша айының III-ші он күндігі	Наурыз айының II-ші он күндігі
2019	Наурыз айының I-ші он күндігі	Мамыр айының II-ші он күндігі	Қазан айының II-ші он күндігі	Қараша айының III-ші он күндігі
	Мамыр айының II-ші он күндігі	Қазан айының II-ші он күндігі	Қараша айының III-ші он күндігі	Наурыз айының I-ші он күндігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК